

KAZ MINERALS КОМПАНИЯСЫНЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

МАҚСАТЫ

KAZ Minerals компаниясы адам құқықтарының еркіндіктің, әділдік пен бейбітшіліктің негізін құрайтын, барлық елде бірдей және кеңінен қолданылатын негізгі және ажырамас құқық екендігін мойындайды. Осы саясаттың мақсаттары – қызметіміздің бүкіл аспектісінде және қызметімізді жүзеге асыратын барлық қоғамдастықта барлық және әрбір адам үшін адам құқығының сақталуын қамтамасыз ету.

САЯСАТ МӘЛІМДЕМЕСІ

KAZ Minerals халықаралық конвенцияларда айқындалған, танылған және белгіленген адам құқықтарын сақтауға кепілдік береді. Біз Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясында жазылған халықаралық адам құқықтарын қорғау қағидаттарын басшылыққа аламыз және БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызмет бойынша Жетекші қағидаттарын ұстанамыз. Жұмысқа әділ түрде қабылдау талаптары туралы кодексімізде көрсетілгендей, біз қызметкерлерімізге олардың құқықтарын сақталатын ортада және жағдайларда жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндеттенеміз. Біздің қызметтің бір де бір саласында қазіргі заманғы құлдықты немесе еркінен тыс еңбекті, мәжбүрлі еңбекті, тұтқындардың еңбегін немесе балалар еңбегін пайдалануға жол берілмейді. Біздің компания негізгі еңбек құқықтарын сақтайды, тиісті жалақы төлейді және жұмыс уақытын реттейді. Қосымша ақпаратты біздің Қазіргі заманғы құлдық жөніндегі заңға қатысты ашықтық туралы мәлімдемеде табуға болады.

Біз қызметкерлердің кәсіподақтарға және басқа да ұйымдарға бірігу еркіндігі құқығын, сонымен қатар қуғын-сүргіннен, қорқытудан немесе қудалаудан қауіптенбей, олардың ортақ мүдделерін қорғауда ұжымдық келіссөздерді жүргізу құқығын құрметтейміз. Біз олардың еркін сайланған өкілдерімен сындарлы диалог орнатып, шынайы келіссөздер жүргізуге ұмтылудамыз.

Біз өз іс-әрекеттеріміз арқылы басқа адамдардың құқықтарына теріс ықпал етуден аулақ болуға және бұзушылықтар туындаған жағдайда, тиісті шаралар қолдану арқылы оларды жоюға тырысудамыз. Біз қызметімізге, өнімдерімізге немесе іскер серіктестеріміз ұсынатын қызметтерге байланысты жағымсыз әсерлердің алдын алуға және оларды жеңілдетуге ұмтылып жатырмыз. Біз өзіміз жұмыс істейтін салаларда адам құқығын түсінуді және сақтауды қамтамасыз ету үшін мүмкіндігіміздің бар екендігін ұғынамыз.

Біз кешенді тексеру арқылы компания ішінде де, іскер серіктестеріміздің арасында да адам құқықтарының кез келген бұзушылықтарын болдырмауға және жеңілдетуге тырысудамыз және үшінші тараптардан Жеткізушілермен жұмыс істеу регламенті мен Жұмысқа әділ түрде қабылдау талаптары туралы кодексті сақтауын талап етеміз.

Біз пікірлерінің ескерілуін қамтамасыз ету үшін жергілікті қоғамдастықтарымыздағы

мүдделі тараптармен өзара бірлесе іс-қимыл жасаймыз және қызметіміздің ондай қоғамдастықтарға тигізетін ықпалын түсінеміз. Біз қызмет жасап жатқан өңірлерде экономикалық мүмкіндіктерді туғызып, беделімізді нығайтуға ұмтылу жолындамыз. Біз тұрғылықты халықтың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және мәдени мүдделерін және олардың республикалық және халықаралық заңдармен тұжырымдалып, белгіленген ерекше құқықтарын мойындаймыз, құрметтейміз және мәжбүрлі қоныс аударуға жол бермеуге міндеттенеміз.

Біз мүдделі тараптарымыздың ойлау, сенім мен дін әркелкілігі және бостандығы құқығын, сондай-ақ заңда белгіленген шекте өз пікірін білдіру құқығын бағалаймыз және заңсыз кемсітушілікке тыйым саламыз.

Топ өз қызметкерлерінің қауіпсіздігін және аман-саулығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында қолданылатын барлық заңдарды сақтауға және озық халықаралық тәжірибені енгізуге ұмтылу жолындамыз. Біз өлімге әкелетін оқиғаларды нөлдік деңгейге түсіруге талпынудамыз және жазатайым оқиғалар мен денсаулыққа қауіп төндіретін қауіп-қатерлерді мейлінше азайтуға мүмкіндік беретін процестерді енгіздік.

Осы Саясаттың сақталуын және қайта қаралуын тұрақты түрде бақылап тұру қажет.

«KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі 2024 жылғы 25 маусымда бекітті